

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ

Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 5 мг
Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 7,5 мг

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Әсер етуші зат: ивабрадин.

Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 5 мг

Үлбірлі қабықпен қапталған әрбір таблетканың құрамында 5 мг ивабрадин (ивабрадин гидрохлориді түрінде 5,39 мг) болады.

Дәрілік препараттың құрамында болуын ескеру қажет қосымша заттар: 63,91 мг лактоза моногидраты (4.4-бөлімге қараңыз).

Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 7,5 мг

Үлбірлі қабықпен қапталған әрбір таблетканың құрамында 7,5 мг ивабрадин (ивабрадин гидрохлориді түрінде 8,09 мг) болады.

Дәрілік препараттың құрамында болуын ескеру қажет қосымша заттар: 61,215 мг лактоза моногидраты (4.4-бөлімге қараңыз).

Қосымша заттардың толық тізбесі 6.1-бөлімде келтірілген.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 5 мг

Сопақша, екі беті дөңес, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, қызғылт сары-қызғылт түсті, екі бүйір жағында кертіктері және бір жағында  және екінші жағында «5» өрнегі бар. Таблетканы екі бірдей бөлікке бөлуге болады.

Кораксан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 7,5 мг

Үлбірлі қабықпен қапталған үшбұрышты таблеткалар, қызғылт сары-қызғылт түсті, бір жағында  және екінші жағында «7.5» өрнегі бар.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1. Қолданылуы

Тұрақты стенокардияны симптоматикалық емдеу

Синуустық ырғағы қалыпты және ЖЖЖ минутына ≥ 70 соғатын ересек пациенттерде жүректің ишемиялық ауруы кезіндегі созылмалы тұрақты стенокардияны симптоматикалық емдеу:

- бета-адреноблокаторларды қолдануға қарсы көрсетілімдері немесе жақпаушылығы кезінде;
- бета-адреноблокатордың оңтайлы дозасы аясында тұрақты стенокардияны жеткіліксіз бақылау кезінде бета-адреноблокаторлармен біріктірілімде.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі емі

Бета-блокаторларды қолдануға қарсы көрсетілімдер болғанда немесе олардың жақпаушылығында немесе бета-блокаторлармен емді қамтитын стандартты еммен біріктірілімде синустық ырғағы және ЖЖЖ минутына ≥ 75 рет соғатын пациенттерде систолалық дисфункциямен жүретін НҰНА жіктеуі бойынша жүректің II-IV класты жүректің созылмалы жеткіліксіздігі емі (5.1-бөлімді қараңыз).

4.2. Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Түрлі дозаларды тағайындау үшін құрамында 5 мг немесе 7,5 мг ивабрадин бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар бар.

Тұрақты стенокардияны симптоматикалық емдеу

Емді бастар алдында немесе дозаны титрлеу туралы шешім қабылдау кезінде көрсетілген тәсілдердің бірімен ЖЖЖ анықтау орындалуы тиіс: ЖЖЖ, ЭКГ сериялық өлшеуі немесе 24 сағаттық амбулаториялық бақылау. Ивабрадиннің бастапқы дозасы 75 жасқа дейінгі пациенттерде тәулігіне 2 рет 5 мг аспауы тиіс. Егер симптомдар 3-4 апта бойы сақталса, егер бастапқы доза жағымдылығы жақсы болса және тыныштықтағы ЖЖЖ минутына 60 реттен жоғары күйде қалса, препаратты тәулігіне 2 рет 2,5 мг немесе тәулігіне 2 рет 5 мг дозада қабылдаған пациенттерде доза келесі деңгейге дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Демеуші доза тәулігіне 2 рет 7,5 мг аспауы тиіс.

Егер жақсару шамалы болса немесе емнің 3 айы ішінде ЖЖЖ клиникалық маңызды төмендеуі байқалмаса, егер стенокардия симптомдары азаймаса, препарат қолдануды тоқтату керек.

Егер ЖЖЖ препаратымен емдеу аясында тыныш күйде 50 соғу/мин кем мәнге дейін сиресе немесе пациентте бас айналу, қатты қажу немесе АҚ айқын төмендеуі сияқты брадикардиямен байланысты симптомдар пайда болса, дозаны тәулігіне 2 рет 2,5 мг дейін (5 мг-дан 1/2 таблетка) азайту қажет. Дозаны төмендеткеннен кейін ЖЖЖ бақылау қажет (4.4-бөлімді қараңыз). Егер ЖЖЖ препаратының дозасы төмендеген кезде 50 соғу/мин аз қалса немесе брадикардия симптомдары сақталса, онда препарат қабылдауды тоқтату керек.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі емі

Ем жүректің созылмалы жеткіліксіздігінің тұрақты ағымы бар пациентте ғана басталуы мүмкін.

Ивабрадиннің ұсынылатын бастапқы дозасы тәулігіне 10 мг құрайды (5 мг 1 таблеткадан тәулігіне 2 рет). Екі апта қолданғаннан кейін препараттың тәуліктік дозасы 15 мг дейін (7,5 мг 1 таблеткадан тәулігіне 2 рет), егер ЖЖЖ 60 соғу/мин тұрақты болса, ұлғайтылуы мүмкін. Егер ЖЖЖ 50 соғу/мин тұрақты төмен болса немесе бас айналу, қатты қажу немесе артериялық гипотензия сияқты брадикардия симптомдары байқалса, доза тәулігіне 2 рет 2,5 мг дейін (5 мг 1/2 таблеткадан) азайтылуы мүмкін.

Егер ЖЖЖ мәні 50 және 60 соғу/мин аралығындағы диапазонда болса, онда ұсынылатын демеуші доза тәулігіне 2 рет 5 мг құрайды.

Егер ЖЖЖ препаратын қолдану процесінде тыныш күйінде тұрақты 50 соғу/мин кем болса немесе пациентте брадикардия симптомдары байқалса, онда препаратты тәулігіне 2 рет 5 мг немесе тәулігіне 2 рет 7,5 мг дозада қабылдайтын пациенттерде доза неғұрлым төмен деңгейге дейін төмендетілуі тиіс. Егер препаратты тәулігіне 2 рет 2,5 мг (5 мг-ден 1/2 таблетка) немесе тәулігіне 2 рет 5 мг дозада қабылдайтын пациенттерде тыныш күйдегі ЖЖЖ тұрақты 60 соғу/мин астам болса, онда препарат дозасы ұлғайтылуы мүмкін.

Егер ЖЖЖ 50 соғу/мин аз қалса немесе пациентте брадикардия симптомдары сақталса, препарат қолдануды тоқтату керек (4.4-бөлімді қараңыз).

Ерекше топтағы пациенттер

75 жастан асқан пациенттер

75 жастағы және одан үлкен пациенттер үшін препараттың ұсынылатын бастапқы дозасы тәулігіне 2 рет 2,5 мг (5 мг 1/2 таблеткадан) құрайды. Болашақта препараттың дозасын арттыруға болады.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Креатинин клиренсі (КК) 15 мл/мин астам пациенттерге препараттың ұсынылатын бастапқы дозасы тәулігіне 10 мг құрайды (5 мг 1 таблеткадан тәулігіне 2 рет) (5.2-бөлімді қараңыз). Емдік әсеріне байланысты 3-4 аптадан кейін препараттың дозасын 15 мг дейін арттыруға болады (7,5 мг 1 таблеткадан тәулігіне 2 рет).

КК 15 мл/мин кем пациенттерде препаратты қолдану бойынша клиникалық деректер жеткіліксіз болғандықтан препаратты сақтықпен қолдану керек.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Жеңіл дәрежедегі бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге әдеттегі доза режимі ұсынылады. Препаратты бауыр жеткіліксіздігі орташа пациенттерде (Чайлд-Пью шкаласы бойынша 7-9 балл) қолданғанда сақ болу керек. Ивабрадин бауырдың ауыр жеткіліксіздігі бар (Чайлд-Пью шкаласы бойынша 9 балдан жоғары) пациенттерге қолдануға болады, өйткені мұндай пациенттерде препаратты қолдану зерттелмеген (препараттың қан плазмасындағы концентрациясының едәуір артуын күтуге болады) (4.3 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Балалар

18 жасқа дейінгі балалардағы жүректің созылмалы жеткіліксіздігін емдеу үшін ивабрадиннің қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған.

Бар мәліметтер 5.1 және 5.2 бөлімдерінде сипатталған, бірақ дозалауға қатысты ұсыныстар беру мүмкін емес.

Қолдану тәсілі

Таблеткаларды тәулігіне 2 рет, яғни таңертең және кешке тамақтану кезінде бір таблеткадан ішке қабылдау керек (5.2-бөлімді қараңыз).

4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар

- Ивабрадинге немесе 6.1-бөлімде аталған қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;
- Тыныш күйдегі ЖЖЖ 70 соғу/мин төмен (емдеуді бастағанға дейін);
- Кардиогендік шок;

- Жедел миокард инфарктісі;
- Күрделі артериялық гипотензия (систолалық АҚ 90 мм с.б. кем және диастолалық АҚ 50 мм с.б. кем);
- Бауырдың күрделі жеткіліксіздігі (Чайлд-Пью шкаласы бойынша 9 балдан жоғары);
- Синустық түйіннің әлсіздігі синдромы;
- Синатриалды блокада;
- Жүректің тұрақсыз немесе жедел жеткіліксіздігі;
- Электрокардиостимуляторға тәуелділік (жүрек ырғағы тек электрокардиостимулятормен қамтамасыз етілетін жағдайлар);
- Тұрақсыз стенокардия;
- II және III дәрежелі атриовентрикулярлық (AV) блокада;
- Азолдар тобының зеңге қарсы заттары (кетоконазол, итраконазол), макролидтер тобының антибиотиктері (кларитромицин, ішуге арналған эритромицин, джозамицин, телитромицин), АИТВ протеазасының тежегіштері (нелфинавир, ритонавир) және нефазодон сияқты Р450 3А4 цитохромы жүйесі изоферменттерінің күшті тежегіштерімен бір мезгілде қолдану;
- ЖЖЖ төмендету қабілеті бар орташа СҮР3А4 тежегіштері болып табылатын верапамилмен немесе дилтиаземмен бір мезгілде қолдану (4.5 және 5.2-бөлімдерді қараңыз);
- Жүктілік, бала емізу кезеңі және контрацепцияның сенімді шараларын сақтамайтын ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерде қолдану (4.6-бөлімді қараңыз);

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Айрықша нұсқаулар

Симптоматикалық тұрақты стенокардиясы бар пациенттерде клиникалық нәтижелерге қатысты оң әсердің жеткіліксіздігі

Ивабрадин тұрақты стенокардияның симптоматикалық емі ретінде ғана көрсетілген, өйткені ивабрадин симптоматикалық стенокардиясы бар пациенттерде жүрек-қантамырлар оқиғаларының (мысалы, миокард инфарктісі немесе жүрек-қантамырлар салдарынан болған өлім) пайда болу жиілігіне оң әсер етпейді (5.1-бөлімді қараңыз).

ЖЖЖ бақылау

Тәулік ішінде ЖЖЖ-ның айтарлықтай құбылмалылығын ескере отырып, ем басталар алдында немесе дозаны титрлеу туралы шешім қабылдау кезінде ЖЖЖ анықтау көрсетілген тәсілдердің бірімен орындалуы тиіс: ЖЖЖ, ЭКГ сериялық өлшеу немесе 24 сағаттық амбулаториялық бақылау. Мұндай анықтау ЖЖЖ төмен пациенттерге, атап айтқанда, егер ЖЖЖ 50 соғу/мин кем төмендегенде немесе препарат дозасын төмендеткеннен кейін жүргізілуі тиіс (4.2-бөлімді қараңыз).

Жүрек ырғағының бұзылуы

Ивабрадин аритмияны емдеу немесе профилактикасы үшін тиімсіз. Оның тиімділігі тахиаритмияның дамуы аясында төмендейді (мысалы, қарыншалық немесе қарыншаүстілік тахикардия). Препарат жүрекше фибрилляциясы (жыпылықтайтын аритмия) немесе синустық түйін функциясымен байланысты аритмияның басқа түрлері бар пациенттерге ұсынылмайды.

Ивабрадин қабылдайтын пациенттерде жүрекше фибрилляциясының даму қаупі жоғары (4.8-бөлімді қараңыз). Жүрекше фибрилляциясы ивабрадинмен бір мезгілде амиодарон

немесе І класты аритмияға қарсы препараттарды қабылдаған пациенттер арасында жиі кездескен. Препаратпен емдеу кезінде жүрекшелер фибрилляциясын (пароксизмальді немесе тұрақты түрдегі) анықтау үшін пациенттерге клиникалық бақылау жүргізу керек. Клиникалық көрсетілімдер болған кезде (мысалы, стенокардия ағымының нашарлауы, жүрек қағуын сезінудің пайда болуы, жүрек ырғағының ретсіздігі) ағымдағы бақылауға ЭКГ қосу керек. Пациенттерге жүрекше фибрилляцияның белгілері мен симптомдары туралы хабарлау керек, мұндай симптомдар пайда болған жағдайда дәрігерге көріну ұсынылады. Егер ем кезінде жүрекшелердің фибрилляциясы пайда болса, ивабрадинді одан әрі қолдану кезінде күтілетін пайданың ықтимал қауіпке арақатынасы мұқият түрде қайта қаралуы тиіс.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі және қарыншаішілік өткізгіштігі бұзылған (Гис шоғырының сол немесе оң жақ тармақ блокадасы) және қарыншаішілік диссинхрониясы бар пациенттер мұқият бақылауда болуы тиіс.

Брадикардиясы бар пациенттерде қолдану

Егер жүрек соғу жиілігін емдеуді бастамас бұрын тыныш күйде ЖЖЖ 70 соғу/мин болса, ивабрадин қолдануға болмайды (4.3-бөлімін қараңыз). Егер ЖЖЖ емі аясында тыныш күйде минутына 50 соғудан азырақ мәнге дейін сиресе немесе пациентте брадикардиямен байланысты симптомдар (бас айналу, қатты қажу немесе артериялық гипотензия сияқты) пайда болса, препарат дозасын азайту қажет. Егер ЖЖЖ препаратының дозасы төмендеген кезде минутына 50 соғудан азырақ қалса немесе брадикардиямен байланысты симптомдар сақталса, онда препарат қабылдауды тоқтату керек (4.2-бөлімді қараңыз).

Антиангинальді ем құрамында біріктіріп қолдану

Препаратты верапамил немесе дилтиазем сияқты ЖЖЖ төмендететін баяу кальций өзекшелерінің блокаторлармен (БКӨБ) бірге қолдануға болмайды (4.3 және 4.5-бөлімдерді қараңыз). Ивабрадинді нитраттармен және амлодипин сияқты дигидропиридин қатарының БКӨБ туындыларымен біріктіріп қолданған кезде жүргізілетін емнің қауіпсіздік бейінінде өзгерістер байқалған жоқ. БКӨБ-мен бір мезгілде қолдану ивабрадиннің тиімділігін арттыратыны анықталған жоқ (5.1-бөлімді қараңыз).

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі

Препаратты жүректің тұрақты жеткіліксіздігі бар пациенттерде ғана тағайындау туралы мәселені қарастыру керек. Препаратты NYNA жіктеуі бойынша IV функционалдық класс жүректің созылмалы жеткіліксіздігі бар пациенттерде осы пациенттер тобында қолдану бойынша шектеулі деректерге байланысты сақтықпен қолдану керек.

Инсульт

Ивабрадинді бастан өткерген инсульттен кейін бірден қабылдау ұсынылмайды, өйткені осы кезеңде препаратты қолдану жөнінде деректер жоқ.

Көру қабілетінің функциялары

Ивабрадин көз торқабығы функциясына ықпал етеді. Ивабрадинмен ұзақ мерзімді емдеудің көздің тор қабығына уытты әсері туралы мәліметтер жоқ (5.1-бөлімді қараңыз). Көру функциясының күтпеген бұзылулары орын алған жағдайда емдеуді тоқтату мәселесін қарастыру керек. Торқабық пигментті дегенерациясы бар пациенттерге (*retinitis pigmentosa*) препаратты сақтықпен қабылдау керек.

Қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Артериялық гипотензиясы бар пациенттер

Клиникалық деректердің жеткіліксіз болуына байланысты ивабрадинді жеңіл және орташа артериялық гипотензиясы бар пациенттерге сақтықпен тағайындау керек.

Препаратты ауыр артериялық гипотензияда қолдануға болмайды (систолалық АҚ 90 мм с.б. кем және диастолалық АҚ 50 мм с. б. кем) (4.3-бөлімді қараңыз).

Жүрекшелер фибрилляциясы (жыпылықтайтын аритмия) – жүрек аритмиясы

Фармакологиялық кардиоверсия кезінде синустық ырғақты қалпына келтіру кезінде ивабрадинді қолдану аясында айқын брадикардия даму қаупінің артуы дәлелденбеген. Дегенмен, деректердің жеткілікті санының болмауына байланысты, жоспарлы электр кардиоверсиясын кейінге қалдыру мүмкін болса, препаратты қабылдауды оны жүргізгенге дейін 24 сағат бұрын тоқтату керек.

Туа біткен QT аралық синдромы бар пациенттерде немесе QT аралығын ұзартатын препараттарды қабылдайтын пациенттерде қолдану

Препаратты туа біткен QT аралық синдромы кезінде, сондай-ақ QT аралығын ұзартатын препараттармен біріктіріп тағайындауға болмайды (4.5-бөлімді қараңыз).

Мұндай ем қажет болса, ЭКГ қатаң бақылауды қажет етеді. Жүрек жиырылу жиілігінің төмендеуі, соның ішінде ивабрадинді қолдану салдарынан болатын QT аралығының ұзаруын күшейтуі мүмкін, бұл өз кезегінде аритмияның ауыр түрінің дамуына, атап айтқанда, «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияға әкелуі мүмкін.

Гипотензивті емнің өзгеруін талап ететін артериялық гипертензиясы бар пациенттер

SHIFT зерттеуінде АҚ жоғарылау жағдайлары плацебо тобымен салыстырғанда ивабрадин (7,1%) қабылдаған пациенттер тобында жиі кездесті. Бұл жағдайлар әсіресе гипотензивті ем өзгергеннен кейін көп ұзамай кездескен, уақытша сипатта болды және ивабрадиннің тиімділігіне әсер етпеген. Ивабрадин қабылдайтын жүректің созылмалы жеткіліксіздігі бар пациенттерде гипотензивті ем өзгерген кезде тиісті уақыт аралықтары арқылы АҚ мониторингі талап етіледі (4.8-бөлімді қараңыз).

Бауырдың орташа жеткіліксіздігі

Айқындылығы орташа бауыр жеткіліксіздігі кезінде (Чайлд-Пью шкаласы бойынша 9 баллдан төмен) препаратпен емді сақтықпен жүргізген жөн (4.2-бөлімді қараңыз).

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі кезінде (КК 15 мл/мин кем) препаратпен емдеуді сақтықпен жүргізген жөн.

Қосымша заттар

Препараттың құрамына лактоза кіреді, сондықтан препарат лактаза тапшылығы, лактоза жақпаушылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы синдромы бар пациенттерге ұсынылмайды.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Өзара әрекеттесудің фармакодинамикалық түрлері

Дәрілік заттардың жағымсыз үйлесімдері

QT аралығын ұзартатын дәрілік заттармен, мысалы:

- QT аралығын ұзартатын аритмияға қарсы дәрілер (мысалы, хинидин, дизопирамид, бепридил, соталол, ибутилид, амиодарон),
- аритмияға қарсы дәрілерге жатпайтын QT аралығын ұзартатын дәрілік заттар (мысалы, пимозид, зипразидон, сертиндол, мефлохин, галофантрин, пентамидин, цизаприд, эритромицин в/і).

Ивабрадин мен көрсетілген дәрілік заттарды бір мезгілде қолданудан аулақ болу керек, өйткені ЖЖЖ төмендеуі QT аралығының қосымша ұзаруына әкелуі мүмкін. Осы препараттарды бірге тағайындау қажет болған жағдайда ЭКГ көрсеткіштерін мұқият бақылау керек (4.4-бөлімді қараңыз).

Сақтықпен қатар қолдану

Калий сақтайтын диуретиктер (тиазидті және ілмекті диуретиктер): гипокалиемия аритмия қаупін арттыруы мүмкін. Ивабрадин брадикардияны тудыруы мүмкін болғандықтан, әсіресе туа біткен, сондай-ақ қандай да бір заттардың әсері туындатқан QT аралығының ұзаруы синдромы бар пациенттерде гипокалиемия мен брадикардияның бірігуі ауыр түрдегі аритмияның дамуына бейімдейтін фактор болып табылады.

Өзара әрекеттесудің фармакокинетикалық түрлері

P450 3A4 цитохромы (CYP3A4 изоферменті)

Ивабрадин бауырда P450 цитохромы жүйесі изоферменттерінің (CYP3A4 изоферменті) қатысуымен метаболизденеді және осы цитохромның өте әлсіз тежегіші болып табылады. Ивабрадин бауырда P450 цитохромы жүйесі изоферменттерінің (CYP3A4 изоферменті) қатысуымен метаболизденеді және осы цитохромның өте әлсіз тежегіші болып табылады. Сонымен қатар, CYP3A4 изоферментінің тежегіштері мен индукторлары ивабрадинмен өзара әрекеттесіп, оның метаболизмі мен фармакокинетикалық қасиеттеріне клиникалық маңызды әсер етуі мүмкін. Ивабрадиннің плазмалық концентрациясын CYP3A4 изофермент тежегіштері жоғарылатыны, ал CYP3A4 изоферменттінің индукторлары төмендететіні анықталды. Қан плазмасындағы ивабрадин концентрациясының жоғарылауы айқын брадикардияның даму қаупін арттыруы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз).

Дәрілік заттардың қолдануға болмайтын үйлесімі

Ивабрадинді азол тобының зеңге қарсы дәрілері (кетоконазол, итраконазол), макролидтер тобының антибиотиктері (klarитромицин, ішуге арналған эритромицин, джозамицин, телитромицин), АИВ-протеаза тежегіштері (нелфинавир, ритонавир) және нефазодон сияқты CYP3A4 изоферментінің күшті тежегіштерімен бір мезгілде қолдануға болмайды (4.3-бөлімді қараңыз.). CYP3A4 изоферментінің қуатты тежегіштері – кетоконазол (тәулігіне 1 рет 200 мг) немесе джозамицин (тәулігіне 2 рет 1 г) қан плазмасындағы ивабрадиннің орташа концентрациясын 7-8 есе арттырады.

Орташа CYP3A4 тежегіштерімен: дені сау еріктілер мен пациенттерде ивабрадин мен дилтиаземді немесе верапамилді (жүрек ырғағын төмендететін дәрілер) бір мезгілде

қолдану ивабрадиннің АУС 2-3 есе артуымен және ЖЖЖ 5 соғу/мин қосымша төмендеуімен қатар жүрді. Бұндай қолданулар қарсы көрсетілімде (4.3 бөлімін қараңыз).

Дәрілік заттардың жағымсыз үйлесімдері

Грейпфрут шырыны: грейпфрут шырынын қабылдау аясында ивабрадин экспозициясының 2 есе ұлғаюы байқалды. Ивабрадинмен ем кезеңінде мүмкіндігінше грейпфрут шырынын ішуге болмайды.

Сақтықты талап ететін дәрілік заттардың үйлесімі

- СҮРЗА4 изоферментінің орташа тежегіштері. Ивабрадинді СҮРЗА4 изоферментінің басқа да орташа тежегіштерімен (мысалы, флуконазолмен) біріктіріп қолдану тыныштықта ЖЖЖ минутына 70 соғудан асқанда мүмкін болады. Ивабрадиннің ұсынылатын бастапқы дозасы – 2,5 мг тәулігіне 2 рет. ЖЖЖ бақылау қажет.

- Рифампицин, барбитураттар, фенитоин және құрамында шілтер жапырақты шайқурай бар өсімдік тектес дәрілер СҮРЗА4 изоферментінің индукторлары бірге қолданған кезде қандағы концентрацияның және ивабрадин белсенділігінің төмендеуіне алып келуі және ивабрадиннің неғұрлым жоғары дозасын таңдауды талап етуі мүмкін. Ивабрадинді және құрамында шілтер жапырақты шайқурай бар препараттарды бірге қолданған кезде ивабрадиннің АУС екі есе төмендеуі байқалды. Ивабрадинмен емдеу кезеңінде, мүмкіндігінше, құрамында Шілтер жапырақты шайқурай бар препараттар мен өнімдерді қолданудан аулақ болу керек.

Басқа дәрілік заттармен біріктіріп қолдану

Мынадай дәрілік заттарды бір мезгілде қолданғанда ивабрадиннің фармакокинетикасы мен фармакодинамикасына клиникалық маңызды әсерінің болмауы көрсетілген: протонды помпа тежегіштері (омепразол, лансопразол), фосфодиэстераза-5 тежегіштері (мысалы, силденафил), ГМГ-КоА редуктаза тежегіштері (мысалы, симвастатин), БМКК, дигидропиридин қатарының туындылары (мысалы, амлодипин, лацидипин), дигоксин және варфарин. Ивабрадиннің симвастатин, амлодипин, лацидипин фармакокинетикасына, дигоксин, варфарин фармакокинетикасы мен фармакодинамикасына және ацетилсалицил қышқылы фармакодинамикасына клиникалық маңызды әсер етпейтіні көрсетілген.

Ивабрадин ангиотензин өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштерімен, ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен, бета-адреноблокаторлармен, диуретиктермен, альдостерон антагонистерімен, әсер етуі қысқа және ұзаққа созылатын нитраттармен, ГМГ-КоА редуктаза тежегіштерімен, фибраттармен, протон помпасының тежегіштерімен, ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық дәрілермен, ацетилсалицил қышқылымен және басқа антиагреганттық дәрілермен біріктіріп қолданылды. Жоғарыда аталған дәрілік заттарды қолдану жүргізілетін ем қауіпсіздік бейінінің өзгеруімен қатар жүрмеді.

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Кораксан препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды.

Қазіргі уақытта препаратты жүктілік кезінде қолдану туралы деректер жеткіліксіз.

Ивабрадиннің клиникаға дейінгі зерттеулерінде эмбриуыттылық және тератогендік әсері анықталды.

Лактация

Кораксан препаратын бала емізу кезеңінде қолдануға болмайды.

Жануарлардың қатысуымен жүргізілген зерттеулерде ивабрадиннің емшек сүтімен шығарылатындығы көрсетілген. Ивабрадині бар препараттармен емдеуді қажет ететін әйелдер бала емізуді тоқтатуы керек.

Фертильділік

Ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер Кораксан препаратымен емдеу кезеңінде контрацепцияның сенімді шараларын сақтауы тиіс (4.3-бөлімді қараңыз).

4.7. Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер ету

Препараттың көлік жүргізу қабілетіне әсерін бағалау бойынша арнайы зерттеу дені сау еріктілердің қатысуымен жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша көлік жүргізу мүмкіндігі өзгерген жоқ. Алайда тіркеуден кейінгі кезеңде көру қабілетінің бұзылуына байланысты симптомдарға байланысты автокөлікті басқару қабілетінің нашарлау жағдайлары тіркелген.

Ивабрадин негізінен фотопсия түрінде жарық қабылдаудың уақытша өзгеруіне әкелуі мүмкін (4.8-бөлімді қараңыз).

Жарық қабылдаудағы осындай өзгерістің пайда болу мүмкіндігі, әсіресе түнгі уақытта, жарық қарқындылығының күрт өзгеруі кезінде автокөлікті немесе басқа механизмдерді басқару кезінде назарға алынуы тиіс.

4.8. Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейініне қысқаша шолу.

Зерттеулерде препаратты қолдану шамамен 45000 пациенттің қатысуымен жүргізілді. Ивабрадинмен байланысты жиі кездесетін жағымсыз реакциялар – жарық қабылдаудағы өзгерістер (фосфендер) және брадикардия – дозаға тәуелді сипатқа ие және препараттың әсер ету механизмімен байланысты.

Жағымсыз реакциялардың кестелік тізбесі

1 кестеде клиникалық зерттеулер барысында анықталған жағымсыз реакциялардың тізбесі берілген. Осы жағымсыз реакцияларды мынадай санаттарды пайдалана отырып, жүйелік-ағзалық кластар мен жиілігі бойынша жіктеді:

өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$); сирек ($\geq 1/1000$, $< 1/100$); сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$); өте сирек ($< 1/10000$); жиілігі белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес).

1-кесте: Жағымсыз реакциялар тізбесі

Жүйелік-ағзалық класс	Жиілігі	Жағымсыз реакциялар
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Эозинофилия

Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Гиперурикемия
Жүйке жүйесі бұзылулар тарапынан	Жиі	Бас ауыруы, әсіресе емнің бірінші айында бас айналу, брадикардиямен байланысты болуы мүмкін
	Жиі емес	Брадикардиямен байланысты болуы мүмкін естен тану
Көру мүшесі бұзылулар тарапынан	Өте жиі	Жарық қабылдаудың (фосфендер) өзгеруі
	Жиі	Бұлыңғыр көру
	Жиі емес	Диплопия Көру қабілетінің бұзылуы
Есту мүшесі тарапынан бұзылулар және лабиринттік бұзылулар	Жиі емес	Вертиго
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жиі	Брадикардия І дәрежелі атриовентрикулярлық блокада (ЭКГ-ға PQ аралығы ұзарған) Қарыншалық экстрасистолалар Жүрекшелер фибрилляциясы
	Жиі емес	Жүрек қағуын сезіну Қарыншаүстілік экстрасистолалар
	Өте сирек	II дәрежелі атриовентрикулярлық блокада. III дәрежелі атриовентрикулярлық блокада синустық түйінінің әлсіздік синдромы
Тамырлар тарапынан бұзылулар	Жиі	Бақыланбайтын артериялық қысым
	Жиі емес	Брадикардиямен байланысты гипотензия

Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Ентігу
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Жүрек айнуы Іш қатуы Диарея Іштің ауыруы
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Тері бөртпесі Ангioneвроздық ісіну
	Сирек	Терінің қышынуы Есекжем Эритема
Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Бұлшықеттің түйілуі
Жалпы бұзылыстар және енгізген жердегі бұзылулар	Жиі емес	Брадикардиямен байланысты болуы мүмкін астения Брадикардиямен байланысты болуы мүмкін қажу
	Сирек	Брадикардиямен байланысты болуы мүмкін дімкәстік
Зертханалық көрсеткіштер және басқа тексерулердің нәтижелері	Жиі емес	Қан плазмасындағы креатининнің жоғары концентрациясы ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы

Кейбір жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Жарық қабылдаудың (фосфендер) өзгеруі

Жарық қабылдаудың (фосфендер) өзгеруі пациенттердің 14,5%-ында байқалды және көру өрісінің шектеулі аймағында жарықтылықтың өтпелі өзгерісі ретінде сипатталды. Әдетте, мұндай құбылыстар жарықтандыру қарқындылығының күрт өзгеруімен туындады.

Ореол түріндегі фосфендер де пайда болуы мүмкін, көрнекі суреттің жеке бөліктерге бөлінуі (стробоскопиялық және калейдоскопиялық әсерлер) ашық түсті жарқылдар немесе бірнеше кескіндер түрінде (торқабық персистенциясы) көрінеді. Негізінен, фосфендер емдеудің алғашқы екі айында пайда болды, бірақ кейіннен олар қайта пайда болуы мүмкін. Фотопсияның айқындылығы, әдетте, әлсіз немесе орташа болды. Емнің жалғасуы аясында (77,5% жағдайда) немесе ол аяқталғаннан кейін фотопсияның пайда

болуы тоқтады. Пациенттердің 1%-дан азында фотопсияның пайда болуы олардың өмір салтының өзгеруіне немесе емделуден бас тартуға себеп болды.

Брадикардия

Пациенттердің 3,3%-ында, әсіресе емнің алғашқы 2-3 айында, пациенттердің 0,5%-ында жүрек соғу жиілігі 40 соғу/мин аспайтын айқын брадикардия дамыды.

Жүрекшелік фибрилляция плацебо тобындағы пациенттердің 3,8%-ымен салыстырғанда ивабрадин қабылдаған пациенттердің 5,3 %-ында байқалды. Бақылау кезеңі кемінде 3 ай клиникалық зерттеулердің біріктірілген деректерін талдауға сәйкес, жүрекшелік фибрилляция жиілігі бақылау топтарындағы 4,08% - бен салыстырғанда ивабрадин қабылдаған пациенттерде 4,86% құрады.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препарат тіркелгеннен кейін күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық жариялау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі (Росздравнадзор)

109012, Мәскеу қ., Славянская даңғылы, 4 үй, 1 құр.

Тел: +7 (800) 550 99 03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы

«Дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау орталығы» МКЕҰ

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/4

Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96, (+374 10) 23-16-82

Дәрілік заттар қауіпсіздігі мониторингі бөлімінің жедел желісі телефоны: (+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05

Эл. пошта: info@ampra.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтаудағы сараптама және сынақ орталығы» УК

220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көш., 2а

Тел.: +375 (17) 299 55 14

Факс: +375 (17) 299 53 58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242 00 29

Эл. пошта: rceth@rceth.by, rcpl@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 («Нұрсәулет 2» БО)

Тел.: +7 (7172) 235-135

Эл. пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрімен қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті

720044, Бішкек қаласы, 3-ші Линия көшесі, 25

Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: dlsmi@pharm.kg

<http://pharm.kg>

4.9. Артық дозалануы

Симптомдары

Препараттың артық дозалануы айқын және ұзаққа созылған брадикардияға әкелуі мүмкін (4.8-бөлімді қараңыз).

Емі

Ауыр брадикардияны емдеу симптоматикалық болуы және мамандандырылған бөлімшелерде жүргізілуі тиіс. Гемодинамика көрсеткіштерінің бұзылуымен бірге брадикардия дамыған жағдайда изопреналин сияқты бета-адреномиметиктерді вена ішіне енгізумен симптоматикалық емдеу көрсетіледі. Қажет болса, уақытша ырғақ жүргізгішті орнатуға болады.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Жүрек ауруларын емдеуге арналған препараттар. Жүрек ауруларын емдеуге арналған басқа дәрілер.

АТХ коды: C01EB17

Әсер ету механизмі

Ивабрадин – жүрек ырғағын бәсеңдететін препарат, оның әсер ету механизмі синустық түйіндегі өздігінен болатын диастолалық деполяризацияны бақылайтын және ЖЖЖ реттейтін синус түйінінің I_f өзектерін селективті және спецификалық тежеуден тұрады. Ивабрадин жүрекшеішілік, жүрекше-қарыншалық және қарыншаішілік жүру жолдары бойынша импульстарды өткізу уақытына, сондай-ақ миокардтың жиырылу қабілетіне және қарыншалардың реполяризациясына әсер етпестен синустық түйінге селективті әсер етеді.

Ивабрадин сонымен қатар жүректің I_f өзектеріне ұқсас көздің торқабығының I_h өзектерімен торқабықтың жарқын жарық қоздырғыштарына реакциясын өзгерту арқылы көріп қабылдау жүйесінің уақытша өзгеруінің пайда болуына қатысады.

Түрткі болу жағдайларында (мысалы, көру өрісі аймағындағы жарықтылықтың тез өзгеруі) I_h өзектерінің ивабрадинмен ішінара тежелуі *жарық қабылдау өзгерістері феноменін* тудырады. Фотопсия көру өрістің шектеулі аймағындағы жарықтылықтың өтпелі өзгеруімен сипатталады (4.8 бөлімін қараңыз).

Фармакодинамикалық әсерлері

Ивабрадиннің негізгі фармакологиялық ерекшелігі - жүрек соғу жиілігінің дозаға тәуелді төмендеуі. ЖЖЖ сирету шамасының препарат дозасына тәуелділігін талдау ивабрадин дозасын тәулігіне 2 рет 20 мг дейін біртіндеп арттыру кезінде жүргізілді және «плато» әсеріне қол жеткізу үрдісін анықтады (дозаны одан әрі арттыру кезінде емдік әсер өсуінің болмауы), бұл айқын брадикардияның даму қаупін төмендетеді (ЖЖЖ 40 соғу/мин аз) (4.8-бөлімді қараңыз).

Препаратты ұсынылған дозаларда тағайындағанда ЖЖЖ сирету дәрежесі оның бастапқы шамасына байланысты болады және тыныштықта және дене жүктемесінде шамамен 10-15 соғу/мин құрайды. Нәтижесінде жүректің жұмысы төмендейді және миокардтың оттегіне деген қажеттілігі азаяды.

Ивабрадин жүрекшілік өткізгіштікке, миокардтың жиырылу қабілетіне (теріс инотропты әсер етпейді) және жүрек қарыншаларының реполяризация процесіне әсер етпейді. Клиникалық электрофизиологиялық зерттеулерде ивабрадин жүрекше-қарыншалық немесе қарыншаішілік өткізу жолдары бойынша импульстерді жүргізу уақытына, сондай-ақ түзетілген QT аралықтарына әсер еткен жоқ.

Сол жақ қарыншаның дисфункциясы (сол жақ қарыншаның лықсыту фракциясы (СКЛФ) 30-45 %) бар пациенттерге қатысты зерттеулерде ивабрадин миокардтың жиырылу қабілетіне әсер етпейтіні көрсетілген.

Клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі

Ивабрадин 5 мг дозада тәулігіне 2 рет емнің 3-4 аптасынан кейін жүктеме сынақтарының көрсеткіштерін жақсартқаны анықталды. Тиімділігі тәулігіне 2 рет 7,5 мг доза үшін де расталды. Атап айтқанда, дозаны тәулігіне 2 рет 5-тен 7,5 мг дейін арттыру кезінде қосымша әсер атенололмен салыстырмалы зерттеуде анықталды. Дене жүктемесін орындау уақыты ивабрадинді тәулігіне 2 рет 5 мг дозада қолданғаннан кейін шамамен 1 минутқа артты, сонымен қатар, ивабрадинді тәулігіне 2 рет 7,5 мг дозада қабылдаудың қосымша 3 айлық курсынан кейін бұл көрсеткіштің одан әрі 25 секундқа өсуі байқалды. Ивабрадиннің антиангинальді және ишемияға қарсы белсенділігі 65 және одан асқан жастағы пациенттер үшін де расталды. Ивабрадиннің тәулігіне 2 рет 5 мг және 7,5 мг дозаларда қолдану кезіндегі тиімділігі жүктеме сынақтарының барлық көрсеткіштеріне қатысты байқалды (дене жүктемесінің жалпы ұзақтығы, стенокардияның лимиттеуші ұстамасына дейінгі уақыт, стенокардия ұстамасының дамуына дейінгі уақыт және ST сегментінің депрессиясының дамуына дейінгі уақыт 1 мм), сондай-ақ, стенокардия ұстамаларының даму жиілігінің шамамен 70%-ға төмендеуімен қатар жүрді. Ивабрадинді тәулігіне 2 рет қолдану 24 сағат бойы тұрақты емдік тиімділікті қамтамасыз етті.

Ивабрадин қабылдаған пациенттерде емдік белсенділіктің төмендеуінде (ішке қабылдаған соң 12 сағаттан кейін) атенололдың (50 мг) ең жоғары дозасына қосқан кезде ивабрадиннің жүктеме сынақтарының барлық көрсеткіштеріне қатысты қосымша тиімділігі көрсетілген.

Емдік белсенділіктің төмендеуінде (ішке қабылдаған соң 12 сағаттан кейін) амлодипиннің ең жоғары дозасына қосқан кезде ивабрадин тиімділігінің көрсеткіштерін жақсарту көрсетілмеген (ішке қабылдаған соң 12 сағаттан кейін), бұл ретте аса жоғары белсенділік кезінде (ішке қабылдаған соң 3-4 сағаттан кейін) ивабрадиннің қосымша тиімділігі дәлелденген.

Препараттың клиникалық тиімділігін зерттеуде ивабрадиннің әсері емдеудің 3 және 4 айлық кезеңдерінде толығымен сақталды. Емдеу кезінде төзімділіктің даму белгілері (тиімділіктің төмендеуі) болған жоқ, ал емдеуді тоқтатқаннан кейін «тоқтату» синдромы байқалмады. Ивабрадиннің антиангинальді және ишемияға қарсы әсерлері жүрек соғу жиілігінің дозаға тәуелді төмендеуімен, сондай-ақ жұмыс өнімділігінің едәуір төмендеуімен (ЖЖЖ × систолалық артериялық қысым), әрі тыныштықта, жаттығу кезінде де байланысты болды. Артериялық қысым (АҚ) көрсеткіштеріне және жалпы шеткері тамырлар қарсыластығына (ЖШТҚ) әсері тым аз және клиникалық мәнді емес. Ивабрадинді кем дегенде 1 жыл қабылдайтын пациенттерде ЖЖЖ тұрақты төмендеуі байқалды. Көмірсулар алмасуы мен липидтер бейініне әсері байқалмады. Қант диабеті бар пациенттерде ивабрадиннің тиімділігі мен қауіпсіздігі пациенттердің жалпы популяциясындағы көрсеткіштерге ұқсас болды.

Демеуші ем аясында жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық көріністері жоқ (СҚЛФ 40%-дан астам) ЖИА бар пациенттерде зерттеуде ивабрадинмен ұсынылғаннан жоғары дозаларда емдеу (бастапқы дозасы күніне екі рет 7,5 мг (күніне екі рет 5 мг, 75 жастан асқан кезде), содан кейін күніне екі рет 10 мг дейін титрленген) бастапқы біріктірілген соңғы нүктеге (жүрек-қантaмыр себебінің салдарынан қайтыс болу немесе өлімге әкелмейтін миокард инфарктісінің дамуы) елеулі әсер етпеген. Ивабрадин қабылдаған пациенттер тобында брадикардияның даму жиілігі 17,9% құрады. Зерттеу барысында пациенттердің 7,1% верапамил, дилтиазем немесе СҮРЗА4 изоферментінің күшті тежегіштерін қабылдады.

II класс немесе одан жоғары стенокардиясы бар пациенттерде Канада Кардиологиялық қоғамының жіктеуі бойынша ивабрадинді қолдану кезінде бастапқы біріктірілген соңғы нүктенің басталу жағдайлары саны аздап статистикалық маңызды ұлғайғаны анықталды, бұл стенокардиясы бар (I және одан жоғары класс) барлық пациенттердің кіші тобында байқалмады. Тұрақты стенокардиясы және сол жақ қарыншаның дисфункциясы бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеуде (СҚЛФ 40%-дан кем) 86,9% бета-адреноблокаторлар алған, стандартты терапия аясында ивабрадин қабылдаған пациенттер тобы мен плацебо арасында жүрек-қантaмырлар ауруларынан болатын өлім-жітімнің жиынтық жиілігі, жедел миокард инфарктісі бойынша ауруханаға жатқызу, жүрек жеткіліксіздігінің жаңа жағдайларының пайда болуы немесе жүректің созылмалы жеткіліксіздігі (СЖЖ) симптомдарының күшеюі бойынша айырмашылықтар анықталмаған. Симптоматикалық стенокардиясы бар пациенттерде жүрек-қантaмыр себебі салдарынан өлімнің туындау жиілігі немесе өлімге әкеп соқпайтын миокард инфарктісінің немесе жүрек жеткіліксіздігінің дамуы салдарынан ауруханаға жатқызу бойынша айтарлықтай айырмашылықтар (туындау жиілігі – тиісінше ивабрадин тобында 12,0% және плацебо тобында 15,5%) анықталған жоқ. ЖЖЖ 70 соғу/мин кем емес пациенттерде ивабрадинді қолдану аясында өлімге әкелетін және өлімге әкелмейтін миокард инфарктісі себебінен ауруханаға жатқызу жиілігі 36%-ға және реваскуляризация жиілігі 30% ға төмендегені көрсетілген.

